

Ажарлау дискі FinePower FDN0320

Ажарлау дискі – қара мен түсті металдардан, пластиктен, ағаштан және басқа материалдардан бұйымдарды алдын ала және соңғы өңдеу үшін қолданылатын шығыс құрал-сайманы.

Сақтық шаралары

1. Ажарлау дискілермен жұмысқа оқудан, аттестациялаудан, еңбектің қауіпсіздік техникасы бойынша біліктілік комиссиядан өткен тұлғалар рұқсат етіледі.
Жабдықта мыналар үшін құрылғылар қарастырылған болуы тиіс:
 - өңдеу аймағынан абразивтік шаңды және қалдықтарды алып тастау;
 - жұмыскерді кесу барысында пайда болатын абразивтік, металл және металл емес шаңнан, өңделетін материалдың бөлшектерінен қорғау.
2. Абразивтік құрал-сайман және оның бекітулері жабдықтардың жиынтығына кіретін қорғау құралдарымен қоршалуы тиіс.
3. Білдекке орнатар бұрын дискілерді қарау қажет. Мынандай дискінің қолдануына жол берілмейді:
 - сырттағы жарықтары мен кетіктері бар;
 - механикалық беріктікке сынақтан өткені туралы белгісі жоқ.
4. Ажарлау дискілер осыған арнайы арналған жабдықта ғана қолданылады. Дискінің ортасын бекіту үшін арнайы қысатын ернемектер қолданылады. Осы ернемектердің сыртқы диаметрі ажарлау дискінің металл ернемектерінің сыртқы диаметріне сәйкес келуі тиіс.
5. Жұмысты бастамас бұрын дискілерді механикалық зақымдалулардың бар-жоғына қарап шығыңыз.
6. Жұмысты бастамас бұрын диск жұмыс жылдамдықпен диаметрі 400 мм дейін дискілер үшін 2 минут ішінде және диаметрі 400 мм артық дискілер үшін 3 минут ішінде білдекте немесе қолдық ажарлау машинасында босқа айналдырылуы тиіс.
7. Жұмыс істеген кезінде, әсіресе үшкір жиектерді, шығып тұратын бөліктерді өңдеуге кіріскен кезде қатты жүктемелерге жол бермеңіз.
8. Дымқыл ажарлаған кезінде ажарлау процесі аяқталғаннан кейін майлау-суыту сұйықтықтардың берілуі тоқтатылады да, жапырақшалық дөңгелек майлау-суыту сұйықтық ажарлау құрал-сайманынан ұшып кетуін тоқтатпағанша бос жүріп іске қосылады.
9. Дискілердің тиімді ажарлауы қолданылатын жабдықты қолдануының ұсынылатын режимдеріне сәйкес оларға оңтайлы жүктеме кезінде жеткізіледі.
10. Ажарлау аймағынан шаңды алып тастау үшін аспирациялау жүйесін қолданыңыз.
11. Жұмыс істеген кезінде ұшып бара жатқан ұшқындар жанғыш материалдар мен сұйықтықтардың тұтануының себебі болуы мүмкіндігін ұмытпаңыз.
12. Оператор жеке қорғаныс құралдарында жұмыс істеуі тиіс:



- қорғаныс көзілдірігінде;



- қорғаныс құлаққаптарда;



- тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарында;



- қорғаныс қолғаптарында.

Апатқа әкелуі мүмкін ықтимал қате әрекеттердің тізімі

1. Дискінің механикалық зақымдалуы.
2. Ұйғарындылардан жоғары режимдерді қолдану.
3. Дискіні осы құрал-сайманға арналмаған жабдықта орнату.
4. Білдектің теңдестіруінің болмауы.

5. Шеңберлік жылдамдықтарды арттыру.
6. Қорғаныс қаптаманың болмауы.
7. Белгіленген нормалардан артық айналдырықтың соғуы.
8. Дискіні бекіткен кезінде сомын кілттеріне ендірмелерді, сондай-ақ соққылық құрал-сайманды қолдану.
9. Құрал-сайманды дұрыс емес сақтау.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: FDN0320.
- Өлшем: 125x22,23.
- Ұйғарынды айналу жылдамдығы: 12250 айн/мин.
- Макс жылдамдық: 80 м/с.
- Түрі: металл, ағаш, бояу.
- Түйіршіктілігі: А80.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Диск қаптаманың ішінде ауа температурасы 15 °С бастап 20 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан артық емес өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларда сақталуы тиіс. Орынжайларда коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Дискілерді бір жақты қыздыруға болмайды, мысалы, олар жылыту элементтердің қасында болмауы тиіс.
- Дискілер қатты түрткілерге, соққыларға ұшырамауы тиіс.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама-сына сәйкес сатылуы тиіс.
- Дискіні құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғының ақаулығын тапқан кезде дискіні кәдеге жарату қажет.
- Дискіні қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сай кәдеге жаратылуы тиіс. Осы өнімді кәдеге дұрыс жаратуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақылаусыз шығаруының салдарынан болатын қоршаған ортаға және адамның денсаулығына ықтимал зиянның келтіруін болдырмауға және материалдық ресурстарды оңтайлы қолдануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қалдықтарды шығару кәсіпорындарында біле аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзянсу Илинь Даймонд Тулз Ко., Лтд.
Яоцяо, Жаңа аудан, Чжэньцзян, Цзянсу пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықталымы мен функционал-дығы пайдаланушыны алдын ала ексертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауар Кеден одағының ТР ТС 010/2011 «Машиналардың және жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық тәртіптеріне сәйкестікті міндетті растаудан өтті.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші сақтау шарттары сақталған жағдайда, барлық сақтау мерзімі ішінде материалда және жинауда ақаулар болмауына кепілдік береді. Кепілдікті кезең бұйымды сатып алу сәтінен есептеледі.

Сақтаудың кепілдікті мерзімі: 1 жыл.
Жарамдылық мерзімі: өндірген күннен бастап 5 жыл.



Өндірілген күні дискінің ішкі сақинасында көрсетілген.

v.1